

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасында Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алу қағидаттары туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 шілде N 765

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алу қағидаттары туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат беріле отырып, көрсетілген Келісімді жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспорты мен импорты кезінде жанама салықтар алу қағидаттары туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі

Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімнің және Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1999 жылғы 2 сәуірдегі хаттаманың Z990014_ ережелерін басшылыққа ала отырып,

өзара пайданы экономикалық қарым-қатынастарды дамытуға және экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге, шаруашылық жүргізуші субъектілер

үшін тең мүмкіндіктерді орнатуға әрі адал бәсекелестік үшін жағдайлар жасауға ұмтыла, халықаралық сауданың жалпы қабылданған ережелерін бағдарға ала отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жалпы анықтамалар

Келісімде қолданылатын терминдер:

"жанама салықтар" - қосылған құн салығы және акциз (акциз салығы);

"нөлдік ставка" - нөл пайыз ставка бойынша қосылған құн салығын салу, бұл кеден аумағынан экспорт жүзеге асырылған Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығы сомасын есепке алу немесе бюджеттен өтеу құқығын береді;

"экспорт" - қайта әкелу туралы міндеттемесіз бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағына тауарлар (жұмыстар, қызметтер) ә к е т у ;

"импорт" - қайта әкету туралы міндеттемесіз бір Тарап мемлекетінің кеден аумағына басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағынан тауарлар (жұмыстар, қызметтер) ә к е л у ;

"жалған экспорт" - Тарап мемлекетінің кеден аумағынан экспортталған сияқты етіп, бірақ осы Тараптың кеден аумағынан тыс жерлерге тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) іс жүзінде әкету жүргізілмейтін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ж а л ғ а н құ ж а т т ы қ р е с і м д е у ;

"жеткізілетін ел" - осы Келісімнің бір Тарапы мемлекетінің кеден аумағынан бұрын экспортталған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) осы Келісімнің басқа Тарапының кеден аумағына импорты жүзеге асырылатын мемлекет;

"құзыретті органдар" -

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі,

Армян Тарапынан - Армения Республикасының Қаржы және экономика министрлігі, Армения Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Армения Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден комитеті.

2-бап

Экспорт кезінде салықтар алу қағидаты

Тараптар бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағына экспортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салық салмайды, бұл мынаны білдіреді:

- 1) қосылған құн салығын нөлдік ставка бойынша салу;
- 2) акциздерден босату.

3-бап

Импорт кезінде салықтар алу қағидаты

Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан экспортталып, басқа Тарап мемлекетінің кеден аумағына импортталатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) жеткізілген елінде оның ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады.

4-бап

Тауарларды өткізуге және жанама салықтар төлеуге бақылау жасау

Тауарлар импорты кезінде осы Келісімді қолдану және жанама салықтарды жинаудың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жалған экспортты болдырмау үшін Тараптардың құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің кеден шекаралары арқылы тауарларды өткізуге және жанама салықтар төлеуге бақылау жасау амалын әзірлейді және қолданысқа енгізеді.

5-бап

Халықаралық шарттармен ара қатынасы

Осы Келісім Тараптар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

6-бап

Даулы мәселелерді шешу тәртібі

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптардың құзыретті органдары бірлескен консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешеді.

7-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

Осы Келісімге Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті барлық

мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім Тараптардың бірі оның қолданылуын тоқтатпақ өз ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2002 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, армян және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК